

Жолаушылар мен багажды қалалық қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Балқаш қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 12 маусымдағы № 25/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 шілдеде № 2682 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 2017 жылғы 22 маусымдағы № 22/02 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 22.06.2017 № 22/02 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 19 бабына сәйкес, Балқаш қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Балқаш қаласында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифі 40 теңге мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Н.А. Мажитовке жүктелсін.

Балқаш қаласының әкімі

Н. Әубәкіров

КЕЛІСІЛДІ

Балқаш қалалық

мәслихатының хатшысы

Қ. Рахимберлина

12 маусым 2014 жыл